

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалының жұмыс істеуі туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 7 мамырдағы № 254-VI ҚРЗ.

2017 жылғы 9 қарашада Челябинскіде жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалының жұмыс істеуі туралы келісім ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалының жұмыс істеуі туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі

1997 жылғы 17 қаңтарда Мәскеу қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының бірыңғай (ортақ) білім кеңістігін қалыптастыру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімнің, 1998 жылғы 24 қарашада Мәскеу қаласында жасалған Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Білім туралы құжаттарды, ғылыми дәрежелерді және атақтарды өзара тану және баламалылығы туралы келісімнің, 2000 жылғы 23 мамырда Минск қаласында жасалған 1999 жылғы 26 ақпандағы Кедендік одақ және Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы шартқа қатысушы мемлекеттерде жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу және оның қызметі туралы келісімнің ережелерін басшылыққа ала отырып,

жоғары білім беру саласындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды тереңдету мүддесінде,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісіммен Тараптар М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалының (бұдан әрі - филиал) жұмыс істеу шарттарын бекітеді.

2-бап

Осы Келісімді іске асыруға жауап беретін уәкілетті органдар мен ұйымдар:

Ресей тарапынан - Ресей Федерациясының Білім және ғылым министрлігі, жоғары білім берудің федералды мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі "М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті" (бұдан әрі - Мәскеу университеті);

Қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (бұдан әрі - Еуразиялық университеті).

3-бап

Филиал белгіленген тәртіппен бекітілген Мәскеу университеті Жарғысына және Филиал туралы ережеге сәйкес Қазақстан тарапының мүліктік базасында Мәскеу университетінің оқшауланған құрылымдық бөлімшесі ретінде жұмыс істейді.

Қазақстан тарапы филиалдың қызметін жүзеге асыру үшін қажетті Еуразиялық университетінің мүлкін оны алып қоймай және үшінші тұлғаларға бермей Мәскеу университетіне өтеусіз пайдалануға береді.

Қазақстан тарапына бекітілген, оның ішінде Еуразиялық университетке бекітілген мүлікті өтеусіз пайдалануға беру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жасалған шарттың талаптарымен жүзеге асырылады.

Ресей Федерациясының федералдық мемлекеттік білім беру стандарттары мен Мәскеу университеті дербес әзірлейтін және бекітетін білім беру стандарттарына сәйкес жүзеге асырылатын білім беруді қоспағанда, филиалдың қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Филиал Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес таратылады.

4-бап

Филиалда жүзеге асырылатын білім беру қызметін лицензиялау және мемлекеттік аккредиттеу Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан тарапынан филиалды мемлекеттік аттестаттау жүргізілмейді.

5-бап

Филиалда оқу федералдық мемлекеттік білім беру стандарттары және Мәскеу университетімен дербес әзірленіп және бекітілетін білім беру стандарттары негізінде, Қазақстан тарихы мен қазақ тілін міндетті түрде оқумен, даярлықтың мынадай бағыттары: "Математика", "Қолданбалы математика және информатика", "Филология", "Экология және табиғатты пайдалану", "Экономика" бойынша жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының еңбек нарығының білікті кадрларға қажеттіліктерін ескере отырып, Тараптардың уәкілетті органдары филиалда даярлықтың қосымша бағыттарын келісуі мүмкін.

Филиалда оқу күндізгі және күндізгі-сырттай оқыту нысандары бойынша жүзеге асырылады.

Филиалда оқу орыс тілінде жүргізіледі.

6-бап

Филиалға оқуға қабылдау қағидалары Ресей Федерациясының заңнамасында, ал онда реттелмеген бөлігі Мәскеу университеті Жарғысымен реттеледі.

Филиалда білім алушылар үшін оқу процесі Мәскеу университетінің ішкі актісінде белгіленген тәртіппен тікелей Мәскеу университетінде өтуі мүмкін.

Филиалда оқу дәрістік, семинарлық және оқу жұмысының басқа да түрлерін өткізуге Мәскеу университетінің профессорлық-оқытушылық құрамының қатысуымен жүзеге асырылады.

Мәскеу университеті және Еуразиялық университеті ғылыми, білім беру және өзара қызығушылық танытатын өзге де қызмет салаларында ынтымақтастықты жүзеге асырады.

7-бап

Филиалда мемлекеттік қорытынды аттестаттаудан табысты өткен білім алушыларға Қазақстан Республикасының аумағында тану және нострификациялау рәсімдерінен өтпей танылатын білім туралы және (немесе) біліктілік туралы құжаттар беріледі. Көрсетілген білім туралы және (немесе) біліктілік туралы құжаттардың үлгілерін Мәскеу университеті белгілейді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру тапсырысының негізінде оқыған Мәскеу университеті филиал түлектерінің міндетті түрде жұмыспен өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

8-бап

Филиалдың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру тапсырысы түрінде жоғары білімі және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлауға бөлінген республикалық бюджет қаражаты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

Филиалдың қызметін жүзеге асыру үшін материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптарға сәйкес Қазақстан тарапының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Инженерлік коммуникацияларды (электрмен, жылумен, сумен жабдықтау, кәріз) пайдалануға және өтеусіз пайдалануға берілетін оқу, оқу-көмекші, спорт алаңдарын және жатақхананы күтіп-ұстауға байланысты шығыстарды жабу Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде алынған филиалдың қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

9-бап

Кадрларды даярлау саласында филиал ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші субъектілерімен әр Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында көзделген мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары мен қағидаттары негізінде дамытады.

10-бап

Осы Келісімнің ережелерін орындауды қамтамасыз ету үшін Тараптардың уәкілетті органдары мен ұйымдары екі Тарап мүшелерінің тең санынан тұратын Ведомствоаралық комиссияны құрады.

Ведомствоаралық комиссия осы Келісімнің мақсаттары мен міндеттерінің іске асырылуы және филиалдың Қазақстан тарапына бекітілген мүлікті пайдалануы тұрғысынан филиалдың білім беру және қаржылық-шаруашылық қызметін бірлесіп тексеруді жүзеге асырады.

Филиал қызметін бірлесіп тексеру 3 жылда бір реттен артық емес жүзеге асырылады.

Өзге тексерулер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Филиал қызметінде бұзушылықтар анықталған кезде әр Тараптардың уәкілетті органдары әр Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес шаралар қабылдайды.

11-бап

Осы Келісімнің ережелерін қолдануға немесе түсіндіруге байланысты Тараптар арасындағы даулы мәселелер консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

12-бап

Тараптардың келісуі бойынша осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін және оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер енгізілуі мүмкін.

13-бап

Осы Келісім Тараптардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

14-бап

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы алған күнінен бастап күшіне енеді.

Филиалдың қызметі осы Келісім күшіне енген күннен бастап оның ережелерімен сәйкес келтірілуге тиіс.

15-бап

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады.

Осы Келісімнің қолданысын Тараптардың кез келгені басқа Тарапқа оның қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы жіберу арқылы тоқтатуы мүмкін. Мұндай жағдайда осы Келісімнің қолданысы басқа Тараптың осындай хабарламаны алған күннен бастап 10 ай өткен соң тоқтатылады.

2017 ж. 9 қарашада Челябинск қ. әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі екі мәтіннің де күші бірдей.

Осы Келісімнің мәтіндері арасында алшақтық болған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін*